



# АНА ТІЛІ

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

Ұлт Тағзымы

Сөзі жоғалған  
жұрттың  
өзі де жоғалады



## Адам жаны әлемнен де күрделі

*Қайрат Әбдіразақұлы Мәми жайлы сыр-десте*



*Ғарыштың құпиясын ашуға болады,  
ал адам жанының жұмбақтарын шешу мүмкін емес.*

**Исаак Ньютон**

Ол көктемнің ерке қызы – мамыра-жай мамырда өмірге келіпті. Бәлкім, содан ба екен, мінезі де сол сымбаты бөлек сұлу мамырдай тамылжып, жан дүниесі аңылжып тұр. Аққұба жүзінен көктемнің жанға жайлы жұп-жұмсақ саумал самалындай жылы леп еседі. Десек те, мамыра-жай мамырдың да жауынды, дауылды күні де болады кейде. Сол секілді жүрегі жұмсақ оның өмірдегі әділетсіздік пен жолсыздықтарды көргенде көктемнің жардай атанды жығатын қарасуығындай қатайып шыға келетіні бар.

Ол мамыр айының тоғызыншы жұлдызында – Жеңіс күні ашыпты күрмеуі қатты күрделі өмір есігін. Ата-анасы Жеңіс әнімен тербетіпті оның бесігін. Соның да әсері болар оның күні бүгінге дейін жүріп өткен өмір жолы жеңісті де жемісті. Алайда Ұлы Отан соғысындағы жеңістің оңай болмағаны сияқты, оның өмірдегі жеңістері қиындықсыз болған жоқ. Бүгінгі биігіне көтерілер жолда кездескен кедергілерді тамшылаған маңдай терімен, парасатымен, таудай талабымен, Жаратқан Ием жомарттықпен сыйлаған ақыл-парасатымен, сары алтындай сабырмен, тағы да талай қадір-қасиетімен жеңді.

Ол көп балалы жанұяда өсті. Оның бауырмал, көпшіл, халықшыл болуы содан.

Текіден текті, кекіден кекті туады. Тәрбиесі жақсы тектілер ата жолын қуады. Тегінде адам өз ортасының жемісі. Манадан бері біз атын емес, затын айтып отырған кейіпкеріміз Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының

Төрағасы, заң ғылымының докторы Қайрат Әбдіразақ Мәмидің алдымен жандүние жасаулары бай Адам, сосын білікті маман, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері бола білуінің терең бір сыры – тектілік! Қайраттың әкесі Әбдіразақ Мәмиев (1917-1977) ауыл мұғалімі, Ұлы Отан соғысының ардагері, анасы ұлағатты ұстаз Тұрар Мұқанова (1923) – текті әулеттің ұрпақтары.

Адамзат бір ананың – Табиғат атты ұлы ананың перзенті. Кім-кімнің де ана сүтінен, әке қанынан нәр алатыны секілді өзі өскен ортаның табиғатына тартып туатыны бар. Қайрат Мәми жеті өзені жарыса аққан жер жәннаты Жетісуда, оның жұмақ – ай бір өңірі Алматы облысының Жамбыл ауданында туып-өсті. Қайраттың сонадайдан көзге шалынар сом тұлға болып сомдалуының бір сыры – байтақ дала, бай табиғат аясында, аспанның өзіне асқақ қараған Алатау баурайында өскендігінде болар, бәлкім.

Қалай десек те, Қайрат Әбдіразақұлы Мәмидің өзінің өзгеше бай жандүние жасауларымен, ақыл-парасатымен, елге сіңірген еңбегімен тұғырлы, ғұмырлы Тұлға екендігі шығар күндей шындық. Бұл тұста бізді қолдаушылар көп. Солардың бірі – академик-жазушы Зейнолла Қабдолов былай деп жазыпты:

– Қайрат Мәми кім?

– Ұлы ұстазым академик Әуезов бір жолы маған:

– Шедевр деген сөзді қалай аударар едің? – деп еді. Іркелгем жоқ.

– Көркемдіктің көкесі! – дедім.

– Сол секілді әлгі сұрағына іркелместен:

– Қайрат Мәми әділдіктің көкесі! – дер едім.

Ал мынау тағы бір танымал тұлға шерткен сыр:

– Аса құрметті Мәми мырза!

Әділетті сүйетін жүрегіңізден айналайын! Жасай беріңіз! Әр уақытта сізді құрмет тұтатын Халық қаһарманы, Кеңес Одағының халық артисі, профессор Роза Тәжібайқызы Бағланова.

Сол пікірлерге үн қоса мен былай деп жаздым:

Әртүрлі деңгейдегі билік иелерінің арасында кішілігі кісілігін абаттандырып тұратын азаматтар бар. Солардың бірі – Қайрат Әбдіразақұлы Мәми. Ол білікті заңгер ғана емес, әдебиет пен өнерді де терең түсініп, оның көрнекті өкілдерін бағалай білетін ақылман азамат. Тойған қозыдай томпиып жүретін оның бетінен ұяттың ұйып тұрған уызын көргенде менің есіме Пауло Коэльоның «Счастливый человек – это тот, кто носит в себе Бога» деген сөзі түседі.

Биліктің биік баспалдағында жүрген қайраткерлердің біразының бір кемшілігі – қазақшаға шорқақ. Ал Қайрат Мәмидің жөні бөлек, жолы басқа. Ана тілі ана сүтімен тал бойына түгел сіңген ол қазақша сөйлегенде тілінен бал тамады.

Содан да ол ана тілі жайлы орнықты, оралымды ойлар айтумен келеді. Соған мың мысалдан бір мысал:

– Егер біз өз тілімізді өзіміз қолданып, құрмет тұтпасак, сонда кім болғанымыз.

Қазақ тілі – Қазақстан қоғамында саяси тұрақтылық пен береке-бірлікті сақтаудың кепілі.

Егер барлығымыз бірігіп, ұлттық мәдениетімізді дамытуға күш салар болсақ, өз қандастарымыз былай тұрсын, басқа халықтардың қазақ тілін үйренуге деген сұранысы артар еді.

Сөзге сараң, іске мығым Қайрат Мәми тұңғық сырлы тұлға. Біраз жылдардан бері достық қарым-қатынастамыз. Әдебиет пен өнерге жасап жүрген қамқорлығы, маған да қолұшын берген көмегі мен азаматтығына, мырза пейіліне ырза көңілмен Қайратқа арнап әр жылдарда әртүрлі жырлар жазып ем. Кейіпкер портретін ашуға септесер деген оймен енді сөзді өлеңнің өзіне берейін:

I

Мен басымнан талай жайды өткердім,  
Ерлерді де, ездерді де көп көрдім.  
Қайрат Мәми сұлтаны екен жігіттің,  
Істері көп көңіл тояр көп-көрім.

Президентпен де болып едім сапарлас,  
Министрлермен жүрдім талай қатарлас.  
Талантымды танып мені сыйлады,  
Талай дана болмасам да аталас.

Оның биік ұшуында мәніс бар,  
Ұқсатып ем, Құлагердей шабыс бар.  
Алты Алаштың ардақ тұтар бір ұлы,  
Қайратымда қайрат та бар, намыс бар.

Кездер аз ба зиялы мен зымияндар  
арбасқан,  
Кейде тағдыр жақсылардың жағасына  
жармасқан.  
Сондай қиын сәттерде де кісілігін  
жоғалтпай,  
Ұшты Қайрат қанаттары талмастан!..

Бірде Қайрат мініп алып құр атқа,  
Ойнақтатып шыға келді қыратқа.  
Құр ат – талант, қырат – билік емес пе?!  
Жайсаң жігіт жетсін деймін мұратқа.

Болдырмасын Алла берген құр атың,  
Асқар тауға айналсыншы қыратың.

Жасай берсін жанып сүйген Мақпалың,  
Мұқалмасын ел мүддесі – мұратың.

Бүгін сенің ел аузында жүр атың,  
Жігітсің ғой серт, сенімде тұратың.  
Елге сүйеу, Елбасыға серік бол,  
Еліме сай ерді көру мұратым.

Арман атты тұлпарыңды ақсатпа,  
Ескіrmесін бүгін алған жақсы ат та.  
Жоғарғы Сот жоғарыдан көрінсін,  
Жете берші алға қойған мақсатқа.

Қолыңда тұр Сот билігі – алдаспан,  
Биіктерге самға қанат талмастан.  
Әділдікті ту ғып көтер, бекзатым,  
Төле, Қазыбек, Әйтеке биден жалғасқан.

Басқа бақыт қонақтаған бұл күнде,  
Күндестердің күңкілін тыю мүмкін бе?  
Аман болсын Эльвира, Айнұр,  
Мирас, Асқарың,  
Бұзылмасын ұйқың менен күлкің де.

Тағы айтарым: алдыменен тірі бол,  
Ұсақтама, Нұрсұлтандай ірі бол.  
Басыңнан бақ, астыңнан тақ кетпесін,  
Ұлыларға ұқсап жас ұрпақтың пірі бол.

*27.05.2004 жыл.*

II  
Ағаңның сыйға толып омырауы,  
Шырқалып жатқан шақта өмір әні.  
Сәлемің Астанадан жетті асығып,  
Соққанда алпыс бестің қоңырауы.

Өзіңсің әділдіктің ақ семсері,  
Қолдасын Жаратқан да көктен Сені.  
Білетін жөн-жобаны, ата салтын,  
Әттең, аз бұл өмірде Сендей Сері.

Қайрат ол – бауырым деп мақтанамын,  
Бауырым деп, інім деп жан сырымды  
ақтарамын.

Өзіңді сағынғанда тағат таппай,  
Ұшуға Астанаға шақ қаламын.

Бұл ағаң Өзің жайлы айтады аңыз,  
Біз бүгін бауырмыз деп айта аламыз.  
Біздің үйден дәм татып, батамды ал,  
Қауышып сырласайық қайтадан біз.

Көтерген биіктерге ер намысын,  
Қақ жарған қиындықтың нар қамысын.  
Данасың кемел ойлы, кең тынысты,  
Жасай бер, жан бауырым – жолбарысым!

*Алматы шаһары  
Қаңтар айының 18-ші жұлдызы.  
2005-тауық жылы.*

Ш  
Көрген емен мен біреуге табынып,  
Жүрген жоқпын билікке де жағынып.  
Қайрат інім, Сенің жөнің бір бөлек,  
Мен Өзіңді жүрем әркез сағынып.

Көрмесем де мықтыларға жағынып,  
Шын асылды жүрем әркез сағынып.  
Мен жүдесем халықты ойлап жүдедім.  
Жаным інім, жалау болған жанымды ұқ.

Ағаң үйі бұл да қарашаңырақ!  
Үлкен-кіші табысатын жамырап.  
Жан бауырым, Қайратым сәлем бермесе,  
Жан дүнием қалар менің қаңырап...

Жазушымын сөзін айтқан халықтың,  
Шежіресін жазып келем тарихтың.  
Әкімдері Ақындарын іздесе,  
Алдымыздан туар еді жарық күн!  
Қаңтар айының

*1-ші жұлдызы, 2005 жыл.*

Осы мақаланы жазу барысында Жоғарғы Сот төрағасы Қайрат Мәмиге бірер сауал жолдаған едім. Сол сұрақ-жауап төмендегідей болып өрілді:  
– **Кәсіби борыш пен азаматтық. Парыз, аяушылық қайсы басым түседі. Екі аралықтан жол тапқан, адасқан жанға көмектескен кезіңіз болды ма?**

– Әрине, екеуі де керек. Елбасы сенімін ақтау үшін бұл екі ұғымды бір-бірінен еш айыруға болмайды. Судьялар үшін де кәсіби борыш пен азаматтық ұстанымға беріктік аса маңызды деп ойлаймын. Әсіресе, судьялар және құқықтық қызмет жүйесінде қызмет жасайтындар, ең алдымен, заңға бағынышты. Адам тағдырын шешер алдында, белгілі бір тоқтамға келер кезде, қаншама аянышты болса да заңда көрсетілген қатаң талаптан аспау керек. Сонда ғана мемлекет пен қоғамда тәртіп болады.

**Бұл сөзіме бір ғана мысал келтірейін. Көбінесе сотқа азаматтық істер бойынша «даулы пәтерлер» мәселесімен жүгінетін оқиғалар кездесіп жататыны шындық. Азаматтар өздері бір-бірімен келісіп, нарықтан арзан бағамен пәтер сатып алады. Ал ол пәтердің нағыз иесі кім, құжаттар бойынша қандай кемшіліктер бар, заңды түрде сатылып жатыр ма? Мұндай сауалдарға бастапқыда аса мән бермейді. Ең бастысы, арзан пәтерді әлдекімдерден сатып алғанға қуанады.**

Айналып келгенде, ол пәтердің нақты иелері басқа адамдар болып шығады. Екі арада алаяқтар ізін суытады. Сонда барып жаңағы алданған жандар сотқа келіп, «бізді «даулы пәтерден» шығара көрмендер» деп заңсыз талап қояды. Шынында да, бұл аянышты жайт. Ақиқатына жүгінер болсақ, арзан алынған «даулы пәтердің» заңды иелері бар емес пе?! Оны өз үйлерінен қалай шығарамыз?! Қаншама аяушылық сезімді бастан кешіп тұрсақ та, заңды талапты қанағаттандыруға тура келеді.

Дегенмен, өмірде әртүрлі жайлар болады. Менің тәжірибемде кейбір адасқан адамдарға заңға сыйдырып көмектескен кездерім де болды.

**– Жанұя, дос, туыс қызметке көмектесе ме? Өзіңіз көпбалалы отбасынан шықтыңыз. Оларға уақытты қалай жеткізесіз?**

– Иә, өзіңіз де жақсы білесіз, мен көпбалалы отбасынан шықтым. Бізді әкешеміз кішкентай кезімізден бір-бірімізге, тіпті ағайын-туыс, дос-жаранға бауырмал болуға тәрбиеледі. Оның үстіне, қазақ халқы болмысынан бауырмал келетінін білесіз. Әрине, бұл арада жанұя, туыстық қарым-қатынасты қызметпен шатастырып алуға әсте болмайды. Менің ұстанымым осындай.

Әрине, ер-азаматтың қызметін алаңдамай жасауы, билік шыңына жетуі үшін дос-жаранның, жанұяның түсіністікпен қарап, кәсіби ісіне араласпай, адамгершілік тұрғысынан үнемі қолдап отыруы өте керек.

Біз жеті ағайындымыз. Ішімізде заңгерлер болса да, құқықтық салада не болмаса сот жүйесінде қызмет атқармайды. Және бір айтарым, олар қызмет бойынша маған салмақ түсірмейді, сұрақ қоймайды. Жарым да оны жақсы түсінеді, балаларым да солай тәрбиеленген.

Ойлап отырсам, бүгінгі таңда іскер адамға жетпейтіні уақыт екен. Жас кезімізде еңбектің көрігін қыздырып, қызметпен жүріп, балаларымыздың қалай өсіп кеткенін бағамдамаппыз. Оның орнын қазір толтыруға тырысып, қолым қалт еткенде, көбінесе, сенбінің екінші жартысында және жексенбі, еңбек демалысы уақытында немерелеріммен, отбасыммен бірге болуға тырысамын.

### **– Кітап оқу. Соңғы оқыған кітабыңыз?**

– Бала кезімнен кітап оқығанды жақсы көремін. Мектеп қабырғасында жүргенде, студент кездерімде әдеби кітаптарды өте көп оқыдым десем де болады. Қазір де қолым қалт еткенде кітап оқимын. Жақында белгілі заңгер, қоғам қайраткері Анатолий Федорович Конидің «Отцы и дети судебной реформы» деген кітабын қайталап оқыдым. Сонымен бірге, маған тарту еткен жазушылардың кітаптарын уақыт тауып оқып шығуға тырысамын. Осы демалыс күндері белгілі жазушы Жұмабай Шаштайұлының «Сарғайған парактардағы сағыныш» деген жаңа кітабын оқып шықтым. Онда көбінесе әр жылдарда республикалық мерзімді баспасөзде жарияланған очерктері, мақалалары топтастырылған екен. Көбінесе өзім өскен ауылдың табиғаты, көзкөрген адамдар жайлы қызықты деректер болған соң ба, әйтеуір, тез оқыдым. Тарихи кітаптардан жуырда оқығаным – ұлтымыздың орта ғасырдағы тарихшысы, әдебиетшісі Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегі. Сондай-ақ күнделікті басылымдарды да қолым тигенше қарап шығамын.

### **– Коррупция қоғамға қаншалықты қауіп төндіреді? Сыбайлас жемқорлықпен айналысқандарды міндетті түрде отырғызу керек пе?**

– Әрине, сыбайлас жемқорлық қоғамға қай кезде де өте қауіп төндіреді. Бірақ, сыбайлас жемқорлық жасаған барлық адамды міндетті түрде түрмеге отырғызу мақсат емес. Әсіресе, 2015 жылы қабылданған жаңа Қылмыстық кодекс бойынша бірінші рет сыбайлас жемқорлық әрекетін жасағандар сотта әділ жазасын алып, айыппұл төлеу арқылы бостандыққа жіберіледі. Егер белгіленген мерзімде айыппұлын төлемесе, қылмыстық қатаң жаза қолданылады.

Бұған қоса, сыбайлас жемқорлық жасағандар өмір бойы немесе белгілі бір ұзақ мерзімге мемлекеттік қызметті атқарудан шеттетіледі. Бұл заң талаптарын дұрыс деп білген жөн. Себебі құн төлеу тәртібі – біздің дала демократиясы атанған билерімізден келе жатқан оң үрдіс деп білемін. Мен мұны қолдаймын.

### **– Президент командасында бір-бірімен тіл табысып, жұмыс істеуге кедергілер бар ма?**

– Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының командасында болып, назарына іліккенімді, бүгінгі таңда қатар қызмет атқарып жүргенім үшін өзімді бақыттымын деп санаймын. Бұл барлық әріптестеріме, Елбасының командасында қызмет атқаратын барлық серіктестеріне тән ризашылық сезім, ақ адал көңілінің айқын бір белгісі деп білемін. Олардың бәрімен достық байланысымды үзген емеспін әрі сыйластық қарым-қатынастамын.

Дей тұрғанмен, Елбасының маған тапсырған сот жүйесінің ерекшеліктерін бірінші кезекте ескеруім керек. Сондай ерекшеліктерге байланысты мен судьялардың тәуелсіздігіне, сот шешімдерінің заңдылығына Төраға ретінде кепіл болып, сот жүйесіне қысым жасау ықтималдығын барынша азайтып, оған жол бермеуім керек. Сол себептен әріптестеріммен жақсы қарым-қатынасым бір бөлек те, ал қызметтік қарым-қатынасым олардан жеке



оқшауланып тұруы тиіс.

## **– Сіз қызметке келген соңғы үш жылда жүзеге асқан реформалар туралы айтсаңыз?**

– Биыл Тәуелсіздігінің 25 жылдығына қадам басқан елімізде табысты жүзеге асырылып жатқан барлық сот реформалары Елбасы бастамаларынан бастау - алады деп білемін. Соның айқын бір дәлелі, Мемлекет басшысы Судьялардың кезекті IV съезіне 2013 жылы 20 қарашада қатысып, өзінің көкейге түйген ойларын және сот төрелігін одан әрі жетілдіру туралы келелі ұсыныстарын білдірді. «Біз «Қазақстан – 2050» Стратегиясын темірқазық ете отырып, сот жүйесін жетілдіруді жалғастыра беруіміз қажет. Егер де біз реформа жасағанда экономикада, саясатта сот жүйесін, жалпы құқық қорғау жүйесін түземесек, көздеген мақсатымызға жете алмаймыз. Біздің азаматтар сот жүйесінде барлық мәселелерді шешуі керек, өзінің құқығын қорғай алуы керек. Мемлекеттің де, менің де сот жүйесіне көп көңіл бөліп отырғаным сондықтан» деп айтқан сөзі соттарға тың күш берді.

Біз, Судьялар қауымдастығы, Елбасының әр жылдардағы съезд қорытындысында берген тапсырмаларына сәйкес, жалпы сот жүйесін дамытуға белсене атсалысып келеміз.

Қазақстанның қарқынды дамуы біздің алдымызға жаңа міндеттер қойып отыр. Еліміздің әдемдегі ең дамыған елдер қатарына кіру бағдарламасы, белсенді интеграциялық процестер сот өндірісінің уақыттың сын-қатерлеріне теңбе-тең болуын талап етуде. Бұл ретте азаматтық сот ісін жүргізудің жаңа моделін қалыптастыру тараптар мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ететін прагматикалық тәсілдерге негізделген.

Біз Қазақстан қоғамына етене жақын сот төрелігін қалыптастыру тұжырымдамасына сүйенеміз. Даулардың бейбіт жолмен реттелуіне көмектесу судьялар қызметінің бір саласы деу керек. Әлем елдерінде дауларды баламалы түрде шешу рәсімдерінің белсенді қолданылғаны бізге де үлгі, әрі оның тиімді тұстарын алдық.

Елімізде бизнестің өзін-өзі ұйымдастыруын ынталандыру жөніндегі шаралардың дер кезінде қабылдануы, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының құрылуы аралық соттарды, мүліктік дауларды сотқа дейін реттеу институтын одан әрі дамытуға мүмкіндік берді. Осы орайда, тұтынушылардың құқықтары, зияткерлік меншікті, еңбек және құқықтық даулардың шешу саласында баламалы перспективалар бар екенін көпшілік біле жүрсе деп ойлаймын.

Еліміздегі барлық соттарда электронды сот ісін жүргізу жүйесі енгізілген. Сонымен қатар Жоғарғы Соттың ғаламтор ресурсын жаңарту, жергілікті соттардың Интернет-ресурстарын жетілдіру жұмыстары тиянақты жүргізіліп келеді. Сот өндірісіне қатысушылардың істің қозғалысы туралы жедел ақпарат алуына, шығарылған сот актілерімен танысуына барлық мүмкіндіктер жасалған.

Қазіргі таңда Жоғарғы Сотта өтетін сот процестерінде бейне-байланыс кеңінен қолданылуда. Облыстық соттардың қатысуымен жалпы отырыстар, кеңестер мен судьяларды қашықтықтан оқыту жүйесі өз ретімен жүргізіліп

келеді. Сот жүйесінің қызмет ету сапасы ең алдымен білікті де тәжірибелі судьялар корпусын кадрлық қамтамасыз етуге тікелей байланысты болмақ. Жалпы, құқық мамандары арасында «Судья – заңгерлерінің ең таңдаулысы» деген тәмсіл сөз бар. Бұл сөз олардың жанкешті еңбегіне, кәсіби біліктілігіне, шеберлік деңгейлеріне берілген баға болар.

Аудандық соттардың судьялары еліміздегі сот істерінің тоқсан сегіз пайызын атқарады. Яғни бұл – бейнеті көп қиын істерді қарауда, сондай-ақ салмағы басым жүктемелерге мойымай қызмет көрсетудің ең төзімді үлгісі.

Судьялардың әлеуметтік мәртебесіне сай, еш алаңсыз қызмет етуіне қолайлы жағдай жасау, лайықты баспанамен қамтамасыз ету әр жылдары өз шешімін тыңғылықты түрде табуда. Мемлекет басшысы судьялардың әл-ауқатын үнемі жақсартып отыруды өзінің назарынан ешқашан тыс қалдырған емес. Сол үшін де судьялар қауымының ел Президентіне деген құрметі мен алғысы шексіз.

Нұрсұлтан Әбішұлы Судьялардың VI съезіндегі сөзінде: «Судьялардың V съезінен бері өткен төрт жылда Қазақстанның сот жүйесі «Соттардың тәуелсіздігі» өлшемі жөнінен бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық рейтингіндегі өз көрсеткішін бірден 23 орынға күрт жақсартты» деп атап өткен еді. Заңдардың сақталуы, азаматтық сот төрелігі, қылмыстық сот төрелігі және басқа да көрсеткіштер бойынша да Қазақстан посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттерден алда келеді. Мәселен, мұны World Justice Project халықаралық үкіметтік емес ұйымы ұсынған 2014 жылғы Заңның үстемдік құру индексінен көруге болады. Бұл рейтингіде Қазақстан 71-ші орынды иеленген.

Осы жылы рейтинг әлемнің 99 елі мен аумақтарын – билік институттары өкілеттігін шектеу, сыбайлас жемқорлықты болдырмау, тәртіп және қауіпсіздік, негізгі құқықтарды қорғау, билік институттарының ашықтығы, заңдардың сақталуы, азаматтық сот төрелігі, қылмыстық сот төрелігі тәрізді негізгі сегіз көрсеткіш бойынша бағалаған.

Ұлы ғұлама Әбу-Насыр әл-Фараби бабамыздың «Дұрыс әрекет – мақсатқа жеткізер жолды дұрыс таңдаудан басталады» деген даналық сөзі Елбасының тағылымды таңдауға толы әрбір ісінен айқын көрініс тапқанын өмірдің өзі дәлелдеп беруде.

Біздің халқымыз – қашанда әділ билікті, шынайы заңды ардақ тұтқан, ақиқатын айтып, ақ жүруді қалаған өте турашыл ұлт. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еліміздің әр азаматы өз көкейінде сақтап жүруі үшін айтқан: «Егер де өзім бүгін заңға қайшы келсем, заңға қарсы шықсам, онда ертең құқығым табанға тапталған кезде менің сол құқығымды кім жақтайды, кім қолдайды деп ойлауы керек» деген сөзінің мәні өте терең, өте тағылымды.

Бүгінгі еліміздің сот жүйесі үш буынды соттан тұрады. Бұл реформалық өзгерістер Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары реформасынан туындайды. Қандай өзгеріс болса да, қандай заң шықса да, оның бәрі тек халық мүддесіне сай қызмет етуге тиіс. Сол айтылғандай, сот жүйеміз бес сатылы ма, үш сатылы бола ма, мәселе, о да емес. Халыққа ең бастысы

құқының талапқа сай қорғалғаны, даудың жоғарыдағы заңдарға сай әділ шешілгені керек. Демек, үш сатылы дегенде адамдар одан не ұтады деген заңды сұрақ туындайды?

Иә, не жасалса да, ол алдымен халықтың игілігіне қызмет етуі тиіс. Сотта әділдікке жетудің бір-ақ жолы бар – ол әділ шешім шығару. Ал мұндай жолдың тарихы әріден басталатын, әбден тәжірибеден өткен көрнекті бағыты өмірде қолданылып жатыр.

Үш буынды сот жүйесі Еуропаның көптеген дамыған елдерінде қалыптасқан үрдіс. Демек, бұл – бәріміз өте көп айтатын, яғни әділдікке жетудегі өте қажетті құрылым болып табылады. Осы құрылым арқылы біздің ойлаған басты мақсатымыз не? Басты мақсат – сот сатыларын мейлінше азайту арқылы азаматтарды әуре-сарсаңға салмай, сот әділдігіне қолжетімділікті арттыру!

Демек, үш сатылы сот жүйесі іс бойынша сот шешімінің жедел қабылдануына негіз қалайды. Ендеше, бұдан былай сотқа түскен істердің басым көпшілігі бірінші және екінші сатыдағы, яғни аудандық, облыстық және оған теңестірілген соттарда өзінің түпкілікті шешімін таба бермек. Бұрын облыста адамдарды әрлі-берлі сабылтып қоятын. Яғни, бірінші шешімін бірі қайталайтын апелляция мен кассация қатар жұмыс істеген еді. Енді бұл кемшілік қайталанбайды.

Осылайша апелляциялық саты облыстық сотта қалып, ал кассациялық саты Жоғарғы Соттың құзырына берілді. Мұның пайдасы – сот шешімдерінің жедел әрі сапалы орындалуына мол мүмкіндік тудырады. Істі негізсіз созу, түрлі бұлтаққа салу сияқты келеңсіздікті жойып, кейде соттардың атына айтылатын әлгі «іс заңсыз қаралды» деген секілді небір алып-қашпа сөздерге тұсау салғызады.

Сөйтіп, бұл аталған құрылым бүгінгі заман талабынан туындаған оңтайлы ұстаным екендігін халықтың разылығына бөлену арқылы дәлелдейтіні анық. Өйткені осы жаңалықтың арқасында бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың рөлі күшейді. Демек, оның маңыздылығы мен мәртебесі де арта түседі деп есептеймін.

Бүгінгі таңда Жоғарғы Сотта мамандандырылған сот алқасы жұмыс істеуде. Бұл жаңа жүйе инвестициялық даулар бойынша жеке сот ісін жүргізуді қалыптастыру «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарының 23-қадамында көрсетілген бағыттар бойынша жүзеге асты. Құқықтық қорғаудың бұл жаңа деңгейі бизнестің жүргізілуіне қолайлы жағдай туғызады. Инвесторлардың қазақстандық сот әділдігіне сенімін арттырады.

\*\*\*

Сонымен бірге Жоғарғы Сот жанынан Халықаралық консультативтік кеңес жұмыс жүргізуде. Кеңес әлемдік сот жүйесіндегі озық тәжірибені отандық сот жүйесіне енгізу міндетін жүзеге асырады.

Жалпы алғанда, «100 нақты қадамның» 25-ші қадамы шетелдік және халықаралық соттардың үздік стандарттары бойынша сот істерін жүргізуді

қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, Кеңес қазақстандық сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша Жоғарғы Сотқа кеңес беріп отырады.

Бізде мемлекетшіл, халықшыл, ұлтшыл, елшіл, шенеуніктер де бар. Әттең, әттең... Өкінішке орай, олар алтындай аз. Солардың бірі және бірегейі Қайрат Әбдіразақұлы Мәми. Солар жайлы өте аз жазылады. Бұл жазба сол олқыны толтыру мақсатымен жазылды. «Өзге емес, неге Қайрат Мәми?» деген сауалға айтар уәжім – еліміздегі сот жүйесінде кейінгі жылдар көп реформалар, біраз ілгерілеушіліктер болды. Бұған қоса судьялардың жұмысы адам тағдырын шешетін күрмеуі қатты күрделі жұмыс. Оның сыры да, қыры да, қызығы да шыжығы да көп.

Осыдан кейін маған тағы бір ой келді: «Неге біз «Президент және оның командасы» деген тақырыппен мақалалар жазбасқа?! Сол ой, ізгі ниеттен туған мақаланың бірі осы – жолы бөлек, жөні басқа, жаны жайсаң, жалы биік, ақылман, ақиық Азамат Қайрат Әбдіразақұлы Мәми жайлы. Әзірге айтар аз сөз осы. Біздің кейіпкеріміз бүгінгі биігіне оп-оңай көтерілген жоқ. Өмірде де, қызметте де сан кедергіден өтті. Қызғаныш пен жаланың да ащы дәмін татты. Қиналса да сыр бермеді, сынбақ тұрмақ майысқан да жоқ. Өмірде қиянат қана емес, әділдіктің барына, ерте ме, кеш пе, оның салтанат құрарына бар ділімен сенді. Сөйтіп, сертке соғар семсердей болып шынықты. Әзірге айтар аз сөз осы. Құдай қуат берсе әлі талай сөз жазармыз. Жылы жаққа ұшпай қоймас құс құсап, өмір болса, әлі талай ораламын жазу столына.

**Сәбит ДОСАНОВ,**

**жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Түрік әлеміне сіңірген аса зор еңбегі үшін» Махмұд Қашқари атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты**